



#ТазаТау 2023 жобасына арналған плакаттар байқауының ережесі

Бұл ереже «#ТазаТау 2023» плакаттар байқауын өткізудің мәртебесі мен тәртібін, қатысушылар мен жұмыстарға қойылатын талаптарды, жұмыстарды тапсыру тәртібі мен мерзімін реттейді.

Ұйымдастырушылар: «#ТазаТау 2023» бастама тобы және Art&Creative Solutions Foundation

Бас серіктес: Eurasian Bank

Жалпы ережелер:

«#ТазаТау 2023» — табиғи аумақтарды қоқыспен ластауға қарсы плакаттар байқауы. Байқау 18 жастан асқан суретшілер, иллюстраторлар, фотографтар мен дизайнерлер, шығармашылық ұжымдар мен кураторлар арасында өтеді. Байқау интернетте open-call арқылы жарияланады.

Байқау мерзімі: 2023 жылғы 20 наурыз-9 сәуір аралығы

Байқау нәтижесі 2023 жылдың 14 сәуірінде хабарланады

Байқау қорытындысы бойынша кемінде 20 өнер туындысы іріктеліп, 26 сәуір мен 4 маусым аралығында өтетін көрмеге қатысады және одан әрі Іле-Алатау ұлттық табиғи паркіне қойылатын болады. Байқау соңында 3 жеңімпаз анықталады. Өрбір жеңімпазға сыйлық тағайындалады.

Байқауға қатысуға жеке авторлардың немесе авторлар тобының плакаттары қабылданады. Плакат деп біз табиғи саябақтар мен аймақтарға келушілерде саналы жүріс-тұрысты қалыптастыруға ықпал ететін өнер туындысын түсінеміз.

Байқау өтініміне қойылатын талаптар:

1. Зорлық-зомбылық, нәсілдік, ұлттық немесе діни төзбеушілік элементтері, сонымен қатар Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзатын кез келген бейне бар шығармалар қабылданбайды.
2. Жұмыстар үшінші жақтың авторлық құқығын бұзбауы керек.
3. Бір қатысушы үштен көп емес өтінім жібере алады.
4. Байқау кезінде қатысушы 18 жаста болуы керек.
5. Байқауға әртүрлі жанрдағы және техникадағы жұмыстар қабылданады: кескіндеме, графика, коллаж, цифрлық графика, иллюстрация және т.б.



Eurasian
Bank

6. Өтініште қажет ақпарат түгел көрсетілуі тиіс. Дұрыс толтырылмаған өтінімдер қабылданбайды.

7. Ұсынылатын жұмыстардың көлемі А2 форматынан аспауы керек.

8. Әрбір конкурстық жұмыс туристерге табиғи аумақтарда қоқыс тастамау керегін және табиғи аумақтарда, ұлттық саябақтар мен т.б. жерлерде саналы жүріп-тұру идеясын көрсетуі керек.

9. Жоба ұйымдастырушыларына «#ТазаТау 2023» постер байқауында ұсынылған жұмыстарды жарнамалық және маркетингтік материалдарда пайдалану құқығы уақыты, орны және форматы бойынша шектеусіз және тегін беріледі.

Қазылар алқасының мүшелері

Ажар Джандосова, #ТазаТау жобасы

Оля Веселова, куратор

Сәуле Сүлейменова, суретші

Дагмар Шрайбер, экотуризм саласының маманы

Ольга Титова, Спорттық туризм достастығы

Лариса Коковинец, Eurasian Bank-тің Стратегиялық коммуникациялар және

маркетинг жөніндегі басқарушы директоры

Самал Абилова, Іле-Алатауы МҰТП-нің өкілі

#ТазаТау 2023 байқауының финалистерін таңдау критерийлері::

- 1) *көркемдік жағы:* ұсынылған шығармалардың эстетикалық құндылығы, ерекшелігі мен жаңалығы.
- 2) *тұжырымдамалық жағы:* ұсынылған тақырыптардың тұтастығы мен байқаудың жалпы идеясына сәйкестігі.
- 3) *техникалық жағы:* Байқаудың талаптарына сай балуы.



Eurasian
Bank

«ТазаТау» 2023 жобасына арналған плакаттар байқауына қатысу өтінімі

«Тазалық мәдениетінің өздігінен пайда болуын, қоқыс тастамайтын ұрпақтың өсуін күтіп отыруға болмайды. Табиғи аумақтарды ластауға қарсы белсенді шараларды бүгіннен бастау керек».

Ажар Джандосова, эко-белсенді

Қатысу шарттары: байқауға қатысуға суретшілер, шығармашылық ұжымдар, иллюстраторлар, фотографтар мен дизайнерлер шақырылады. Қатысу өтінімін барынша егжей-тегжейлі толтырып, 2023 жылдың 9 сәуірінен кешіктірмей salem@artandcreative.kz мекенжайына жолдауыңыз қажет. Өтінім жіберген қатысушы көрмені ұйымдастыруға қажет жұмыстарды және олармен байланысты мәтіндік материалды ұсынуға міндеттеледі. «ТазаТау» жобасы өз кезегінде барлық параметрлерге сай келетін өтінімді қазылар алқасына дауыс беруге ұсынуға міндетті.

Өтінім берушінің аты-жөні		
Туған жылы		
Жоба тұжырымдамасы (70 сөзден көп емес)		
Байланыс ақпараты (телефон, электрондық пошта, Instagram аккаунты)		
Өтінім берушінің білімі		
Тәжірибе: таңдаулы өнер жобалары, бұған дейінгі көрмелерге қатысуы және т.б. *(бар болса)		
Байқау жұмысы (суреттерімен)		
	Жұмыстың атауы, жасалған жылы, техникасы	Суреті
1		
2		



&art
creative



Eurasian
Bank

3		
---	--	--